

достаточном контроле за покупателями и продавцами.

Необходимо исключить все деривативные сделки между банками и клиентами, они должны осуществляться только с участием третьей независимой стороны, гарантирующей исполнение стандартизированных обязательств всеми участниками сделки.

Литература:

1. Петренко Е. В. Мировой рынок деривативов [Текст] / Е. В. Петренко // Молодой ученый. — 2011. — №10.
Интернет - ссылки:
2. <http://www.investorama.ru> - Хеджирование рисков
3. <http://enc.fxeuroclub.ru> - Хеджирование

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ АКТИВТЕРІНІҢ САПАСЫ МЕН ӨТІМДІЛІГІН БАСҚАРУ ӨДІСТЕРІ

М.К. Мырзакенова, магистрант
Еуразия нарық институты, Алматы қ., Қазақстан

Кез келген банктің активтерін басқаруда ең бастысы олардың сапасын арттыруға мән берген дұрыс. Ал сапасын басқару үшін активтердің өтімділігі мен табыстылығына қатысты әдістерді қолдану қажет.

Банк активтерінің сапалылығы мынадай төрт критерийлермен анықталады: өтімділік, тәуекелдік, табыстылық пен диверсификация.

Активтердің өтімділігі – бұл қарыз алушының міндеттемелерді өтеу немесе осы активтерді сату арқылы олардың қолма-қол ақшаларға айналу қабілеті.

Активтердің өтімділік дәрежесі олардың айналымына байланысты. Ақшалай формадағы активтің активтері төлем қызметін орындауға бағытталған.

Активтер тәуекелі критерийі, олардың ақшалай формаға айналдыру кезінде шығындарға ұшырау мүмкіндігін сипаттайды. Активтердің тәуекел дәрежесі, олардың әр түрі үшін ерекше көптеген факторлармен анықталады. Мысалы, несиелік тәуекел қарыз алушының қаржылық жағдайына, қарыз көлеміне, беру мен өтеу тәртібіне, т.б. факторларға байланысты.

Банк активтердің тәуекелі неғұрлым жоғары болған сайын, банктің өтімділігі соғұрлым радикальдырақ болады.

Активтердің табыстылығының критерийі ретінде: активтердің жұмыс жасау қабілеті, өтімділігі, яғни табысты әкелу қабілеті, сонымен қатар банктің дамуы үшін қаражат көзін табу және банктің капитал базасын нығайту қабілеті. Табыстылық дәрежесі бойынша активтер: табыс әкелетін және табыс әкелмейтін болып екіге бөлінеді.

Активтердің диверсификациясы критерийі банктің ресурстарын әр түрлі орналастыру әдістері бойынша бөлу дәрежесін сипаттайды. Активтерді диверсификациялау көрсеткіштері мынадай: ресурстарды орналастыру бағыттары бойынша банк активтерінің құрылымы,

Активтердің диверсификациясы критерийі банктің ресурстарын әр түрлі орналастыру бағыттары бойынша бөлу дәрежесін сипаттайды. Активтерді диверсификациялау көрсеткіштері мынадай: ресурстарды орналастыру бағыттары бойынша банк активтерінің құрылымы, субъектілер мен субъектілері бойынша несиелік жұмсалымдардың құрылымы; бағалы қағаздар портфелінің құрылымы, валюталар құрылымы; банкпен корреспонденттік және несиелік қатынастарда болатын басқа банктің құрылымдық құрамы. Активтер неғұрлым көп диверсификацияланса, соғұрлым банктің өтімділігі жоғары болады.

Әлемдік банктік тәжірибеде активтердің өтімділігін басқару бірқатар әдістер арқылы